1-тапсырма

## Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік

Тәуелсіздік – тарихымыздағы басты оқиға, әрі, атадан балаға айтылып келе жатқан әңгіме.

Тарихқа тереңірек үңілсек тәуелсіздіктің оңай қолға алуға болатын жағдай емес екенін аңғарамыз. Бейбітшілікке қол жеткізу, қазақ халқының тәуелсіз мемлекет атануы сол кездегі кәрі-жас, баршаның арманы еді. Тәуелсіздік үшін көтеріліске шыққан жастардың ерлігін де ұмытпаспыз. Олар қанша азап көрсе де „Ұрпағым көрмесін", – деген оймен бәріне шыдап бақты. Сол кездегі суық күнде болған азапты жазаға бәрі бірдей шыдай алмас.

Соғыс кездеріне көз жүгіртсек, онда да қалыспайтын батырларымыз өте көп. Олар қазақ елі үшін майданда жан кешкенше берілмеді. Соған мысал: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова. Ол барша батырларымызға мың алғыс айтамыз. Олардың патриоттық сезімдеріне ешкім тең келе алмас.

Тәуелсіздік тақырыбы бейбітшілік алғаннан бері біршама өлеңдерде көрсетілді. Әсіресе осы тақырыпқа арналған „Желтоқсан желі" атты, әр қазақтың көзіне жас үйірілтетін, мұңды өлең бар. Тыңдау барысында көз алдыңнан көтерілістегі оқиғалардың сәттері өтеді, қайтыс болған жастарға аяныш сезімін тудырады.

1991 жылы 16 желтоқсан күні миллиондаған қазақ азаматтарының ғана емес, ата-бабаларымыздың да үлкен арманы орындалды. Әр ананың көзіне жас келді, қуаныштың көз жасы.

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз жақсы жаққа қарай өзгерді. Гүлдене бастады, және әрі қарай гүлденуде. Осының бәріне үлес



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Тегі, Аты / Фамилия Имя ЖАҚЫПБЕК ҚЫЗЫ ЗАР Сынып / Класс

Облысы / Область ПАВЛОДАР Предмет КИА

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

қосқан азаматтарға рахмет айтамыз.

Менің ойымша, біз бейбітшілікке жеткізген тұлғаларды ұлықтап, өз еліміздің гүлденуіне үлес қосуымыз керек. Ел болашағы – жастардың қолында.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ